

Бірыңғай тіркелген салық мөлшерлемелерін белгілеу туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Сырдария аудандық мәслихатының 2018 жылғы 15 шілдедегі № 206 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 4 шілдеде № 6371 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Сырдария аудандық мәслихатының 2020 жылғы 18 наурыздағы № 400 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Сырдария аудандық мәслихатының 18.03.2020 № 400 шешімімен (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі).

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Кодексінің 546-бабына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 1-тармағының 15)-тармақшасына сәйкес, Сырдария аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қызметін Сырдария ауданы аумағында жүзеге асыратын барлық салық төлеушілер үшін тіркелген салықтың бірыңғай мөлшерлемелерінің мөлшерлері қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихаттың

кезекті 23 сессиясының төрағасы:

Аудандық мәслихаттың хатшысы:

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қазақстан Республикасы қаржы министрлігінің мемлекеттік кірістер Комитеті Қызылорда облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің Сырдария ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы" Республикалық мемлекеттік мекемесінің басшысы

М.Абдықалықов _____

" 15 " маусым 2018 жыл.

О. Сейтмуратов _____

Е. Әжікенов _____

Сырдария аудандық мәслихатының
2018 жылғы 15 маусымдағы
№ 206 шешіміне қосымша

Қызметін Сырдария ауданы аумағында жүзеге асыратын барлық салық төлеушілер үшін тіркелген салықтың бірыңғай мөлшерлемелерінің мөлшерлері

№ р/с	Салық салу объектісінің атауы	Тіркелген салықтың бірыңғай мөлшерлемелерінің мөлшерлері (айлық есептік көрсеткіштерде)
1.	Бір ойыншымен өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы	1
2.	Біреуден көп ойыншының қатысуымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы	1
3.	Ойын өткізу үшін пайдаланылатын дербес компьютер	1
4.	Ойын жолы	5
5.	Карт	2
6.	Бильярд үстелі	3